**Халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы мәліметтердің нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 207 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 наурызда № 16488 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 22-бабының 13-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы мәліметтердің нысаны бекітілсін.

2. "Қалалық қоғамдық көлік тасымалдары бойынша халыққа қызмет көрсету бөлігінде салық төлеушінің билеттерді пайдалануы туралы есеп нысанын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № 69 бұйрығының күші жойылды туралы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу нөмірі №7443, 2012 ж. № 4, 65-құжат Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті ( А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрі* *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 16 ақпандағы
№ 207 бұйырығымен бекітілген
нысан

Жергілікті орындаушы органның атауы Кімге беріледі:
___________________________________
___________________________________ _________________________________
Бизнес-сәйкестендіргіш нөмірі (салық органының атауы)
___________________________________ Заңды мекен-жайы________________
Облыс_____________________________ Қала_______________________________
_________________________________ Аудан_____________________________
Мекен-жайы, телефон_______________ _________________________________

**Халыққа қалалық қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша қызметтер көрсету бөлігінде салық төлеушілердің билеттерді пайдалануы туралы**

20__ ж. ____________________ мәліметтер

| № р/с | Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат | | Сатылған билеттер туралы ақпарат | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тасымалдаушының атауы | Жеке сәйкестендіргіш нөмір/ Бизнес сәйкестендіргіш нөмір | Билет түрі | Сериясы | Нөмір интервалы | Саны | Бағасы (теңге) | Жалпы соммасы (теңге) |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

____________________________________________ ___________
(Жергілікті орындаушы органның басшысы (қолы)
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)))

____________________________________________ ___________
(Мәліметтерді жасауға жауапты, лауазымды (қолы)
адамның аты-жөні)
Жасалған күні 20 __ ж. "__" _________________
Мөр орны
Берілген мәліметті қабылдаған адам

_____________________________________________ __________

(аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)) ,лауазымы)            (қолы)

Мәліметті қабылдау күні 20 __ ж. "__" _______________

Ескерту:

"Серия" бағаны жол ақысы электронды төлеу арқылы пайдаланған кезде толтырылмайды;

"Билет түрі" 5 бағанында билеттің түрі мынадай символдармен көрсетіледі:

Е — ересек;

Б — бала;

Ж — жүк.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК